

**Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Сандықтау ауданының шекараларындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 24/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 желтоқсанда № 6945 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2022 жылғы 18 тамыздағы № 23/1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 18.08.2022 № 23/1 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 509 бабының 5 тармағына сәйкес, Сандықтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Сандықтау ауданының шекараларындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы,  
мәслихаттың хатшысы*

*С.Клюшников*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Сандықтау ауданының  
әкімі*

*А.Исмағамбетов*

**2018 жылғы 14 желтоқсан**

*"Қазақстан Республикасы Қаржы  
Министрлігінің Мемлекеттік кірістер  
комитеті Ақмола облысы Мемлекеттік  
кірістер департаментінің Сандықтау  
ауданы бойынша Мемлекеттік  
кірістер басқармасы" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*К.Тайгунова*

**2018 жылғы 14 желтоқсан**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК